



А.Б. ЗЕЙНЕЛҒАБДИН

э.ғ.д., профессор

ЭКОНОМИКАНЫ РЕТТЕУДІҢ АҚША-КРЕДИТ ҚҰРАЛДАРЫ

«Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстандық банктер өз кезегінде өзінің мақсатын орындауға және нақты экономика секторының кредиттік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте қаржылық жүйеге бақылауды әлсіретуге болмайды, банктерді проблемалық кредиттерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет. Бұл үшін Ұлттық банк пен Үкіметке Президент Әкімшілігінің үйлестіруімен экономикалық қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі ақша-кредит саясатының жаңа жүйесін әзірлеу қажет болады» деп көрсетілген [1].

Бұл міндеттерді шешу үшін ақша мен кредиттің теориялық мәселелерін зерделеп, ақша-кредит саясатының экономикаға тигізетін әсерін талдау қажет. Осының негізінде экономикаға ақша-кредит иінітірегі әсерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды мақсатқа лайықты негіздеу керек.

Соңғы жылдары шетелдік экономистер ақша функциясын зерттеуге баса көңіл бөле бастады. Оған американдық Ю. Фама, П. Хонсен, Р. Шимер сияқты ғалымдардың «Активтер бағасын эмпирикалық талдау» еңбегі үшін Нобель сыйлығының лауреаттары болғаны дәлел бола алады. Демек, бағалардың рөлі мен ауқымының мәні арта түседі, сол арқылы құн өлшемі ретінде ақшаның функциясы көрініс береді.

Ақша төлем қаражаты ретінде өз функциясын толық көлемде орындамаған жағдайда көлеңкелі

экономика қанат жайып, салық жүйесі жұмысында проблемалар туындайды, атап айтқанда бюджетке жекелеген салық түрлері түспей жатады.

Экономистердің бағалауынша, республикамызда көлеңкелі экономиканың үлесі 15-дан 25%-ға дейін құрайды. Бұл бюджетке ішкі өндіріс тауарларына арналған акциздердің толық көлемде түспеуіне, сондай-ақ ҚҚС дебеттік сальдосының белгілі бір дәрежеде ұлғаюына әкеп соғады.

Әлемдік қаржылық дағдарыстан кейін шетелдік орталық банктер сандық жеңілдету сияқты, дәстүрлі емес монетарлық саясаттың осындай шарасына сүйенуге мәжбүр болды. Ақша ұсыныстарын ұлғайтуды, сондай-ақ ипотекалық және мемлекеттік құнды қағаздарды төлеуді пайыздық ставкаларды төмендету жолымен реттеп, несиелендіру өсімін ынталандырды, сондай-ақ республикадағы қор нарығына жәрдемдесті [2]. Нәтижесінде АҚШ-тың

ЖІӨ-і тоғыз тоқсан бойы өсуде және 2014 жылы 2,8%-ды құрайтын болады, ал Еуроаймақта 1,15 болды. Қазіргі уақытта сандық жеңілдіктер біртіндеп тоқтатыла бастады. Бұл дамушы елдер капиталының үдемелілігіне әсер ететін пайыздық ставкалардың өсуіне әкелуі мүмкін [3].

Жоғарыда көрсетілген фактілер қазіргі жағдайларда ақша жүйесінің шаруашылық етуші субъектілердің, халықтың және мемлекеттің қаржылық ресурстарының өсуіне, кез келген мемлекеттің қаржы-кредит жүйесіне елеулі әсер ететінін айғақтайды. Бұл ретте экономикаға арналған ақша жүйесінің барлық элементтерінің, атап айтқанда, ақша белгілері түрлерінің, оларды айналымға шығару тәртібінің, ақша айналымын ұйымдастыру мен реттеу әдістері мен тетіктерінің кешенді әсері зерделенуге тиіс.

Республикада ақша-кредит жүйесінің өзара іс-қимылы, экономиканы дамытуға кредит жүйесінің әсері, шағын және орта бизнесті дамытуға әсері кешенді зерттелмейді.

Жекелеген бағдарламалық құжаттарда кредит саясатына және оның салықтық-бюджеттік саясатпен өзара іс-қимылы мәселелеріне жете көңіл бөлінбейді. Қазіргі уақытта 2007 жылы 61,2%-ды, ал 2012 жылы – 36,3%-ды құраған ЖІӨ-ге деген экономиканың кредиттеу коэффициенті азайып барады. Бұл ретте екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) және басқа қаржы институттары беретін барлық кредиттер ескерілді. Республикада 2005 жылдан бері көптеген жаңа қаржы институттары құрылды, олардың көпшілігі бюджеттік кредиттер алды, жарғылық капиталдарын қалыптастыруға, ұлғайтуға және толықтыруға бюджеттен қаражат алды. Алайда, нақты экономикада кредиттік ресурстардың айтарлықтай өсуі байқалмайды.

«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ-дан алынған қарыздарды өтеуге бағытталды [4].

Біздің ойымызша, экономиканың нақты секторына, мемлекеттің қатысуымен құрылған әртүрлі акционерлік қоғамдар жүзеге асырып отырған жекелеген жобаларға кредит берудің тиімділігін, сондай-ақ республикада мемлекеттік қаржы институттарының жұмыс істеуінің, жүргізілетін кредиттік операциялардың және көрсетілетін қаржылық қызметтердің тиімділігін бағалаған жөн.

Өз кезегінде ЕДБ-ның экономикаға кредит беру коэффициенті де азайып отыр, ол 2007 жылы ЖІӨ-ге шаққанда 56,5%-ды құраған болса, ал 2012 жылы ЖІӨ-ге шаққанда 30,5 % болды [5].

Қазақстан Республикасының 2014-2018 жылдарға арналған ұлттық-экономикалық дамуы болжамында ЕДБ-ның экономикаға берген кредиттері ғана көрсетілген, олар 2014 жылы 12321 млрд. теңгені құраған болса, ал 2018 жылы 21153 млрд. теңге болмақ. Бұл ретте экономиканы кредиттендіру коэффициенті, ЖІӨ-ге тиісінше – 31,9% және 32,1%. 2014-2018 жылдарға млрд. теңгемен тек резиденттердің депозиттері келтірілген, кезеңнің соңына олардың мөлшері 2014 жылы 11484 млрд. теңгені құрады, ал 2018 жылға ЖІӨ-ге шаққанда - 20268 млрд. теңге, тиісінше – 29,7 % және 30,7% болады [6]. Біздің ойымызша, 2014-2018 жылдарға арналған депозиттер бойынша республикадағы ақша ағымының нақты көрінісін беретін резиденттер мен резидент еместерді көрсеткен орынды болады. Соңғы жылдары резиденттер мен резидент еместердің ЕДБ-ге салымдарының ЖІӨ-ге шаққандағы үлесінің төмендегені байқалады, ол 2008 жылы 42,8 % болса, ал 2012 жылы 28,2% болды.

ЕДБ-ның экономиканың нақты секторын, шағын орта бизнесті қаржыландыруына республикадағы

Бүгінгі таңда ЕДБ 01.10.2013 жылы 2000,7 млрд. теңгені құраған немесе 38,3%-ға көбейген тұтынушылық қарыздарды береді. 2013 жылдың бұл кезеңінде жеке тұлғаларға қарыз 23,6%-ға ұлғайды, ал заңды тұлғаларға 3,1% болды.

Мысалы, 2012 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігіне агроөнеркәсіптік кешендер объектілерін қолдауға 0,01 жылдық ставкамен 80 млрд. теңге бөлінген болатын. «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-дан алынған қаражат толық көлемде еншілес ұйымдарға: «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ-ға - 0,3 млрд. теңге, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға - 28,9 млрд. теңге және «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ-ға 50,8 млрд. теңге аударылды. Бұл ретте АШӨК-ті несиелендіруге 2012 жылы бөлінген жалпы сомасы 24,9 млрд. теңге бюджет қаражаты 2011 жылы ЕДБ-тегі айналым қаражатын толықтыруға

қаржы ресурстарын басқару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі пайдаланатын басқа экономикалық құралдар да әсерін тигізді. Әрбір қаржы жылы республикадағы бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін қор нарығына мемлекеттік құнды қағаздар орналастырылады.

2012 жылы ҚР Үкіметі мемлекеттік құнды қағаздарды қор нарығына шығаруы мен орналастыруы есебінен ішкі нарықтан 1067,5 млрд. теңге мөлшерінде қарыз алған. Бұл ретте, ЕДБ-лар, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорлары айтарлықтай сомаға мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алған.

2013 жылы жинақтаушы зейнетақы қорларының қайта құрылуына байланысты олардың қор нарығына қатысуы күрт төмендеді. Нәтижесінде мемлекеттік құнды қағаздарды 2013 жылы негізінен ЕДБ-лар және жекелеген мемлекеттік қаржы институттары сатып алуда.

Мұндай жағдайда ЕДБ экономиканың нақты секторын несиелендіруге аса мүдделі емес, яғни оларға мемлекеттік құнды қағаздар сатып алған анағұрлым тиімді. Бұл өз кезегінде республикада қор нарығын дамытуға ықпал етпейді.

Бүгінгі таңда ЕДБ 01.10.2013 жылы 2000,7 млрд. теңгені құраған немесе 38,3%-ға көбейген тұтынушылық қарыздарды береді. 2013 жылдың бұл кезеңінде жеке тұлғаларға қарыз 23,6%-ға ұлғайды, ал заңды тұлғаларға 3,1% болды.

Бұл ретте 90 күннен аса мерзімі өтіп кеткен берешегі бар заңды тұлғалардың қарызы 2683,3 млрд. теңгені немесе заңды тұлғалар қарыздарының 36,9%-ын құрап отыр [5].

Республикада күмән туғызатын активтер мен міндеттемелер үлесі 01.07.2013 жылы активтер мен міндеттемелердің жалпы көлемі ЕДБ-те 31%-ды, ал үміт артуға болмайтындары - 20%-ды құрады.

Жоғарыда көрсетілген барлық фактілер республика экономикасындағы банктік сектор рөлінің төмендеуіне ықпал етті, атап айтқанда ЖІӨ-ге деген актілерге қатысты 01.10.2013 ж. 44,1%, 2010 жылы

бизнестің дамуына арналған кредиттерін; сондай-ақ республиканың ЕДБ-ге резидент еместердің салымдарын көрсету қажет;

- республикадағы жаңа қаржы институттарының жұмыс істеу тиімділігін бағалау;

- республиканың екінші деңгейлі банктері депозитіне резидент еместердің бос ресурстарын қосудың мүдделілігін арттыруға жәрдемдесетін экономикалық құралдарды әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Үкіметпен бірлесіп экономиканың нақты секторын, шағын және орта бизнеске кредит беру мәселелері бойынша ЕДБ-ге әсерінтірегін әзірлеу;

- бюджет тапшылығын қысқарту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі қарыз алу лимитін белгілеу, осыны есепке ала отырып мемлекеттің қаржылық ресурстарын басқару үшін жаңа экономикалық құралдарды пайдалану;

- Қазақстан Республикасының орта мерзімді фискалды саясатын әзірлеу орынды болады.

Осының барлығы республикада ақша-кредит жүйесінің жұмыс істеу мәселелері бойынша жаңа тұжырымдаманы әзірлеуге ғылыми негізделген тәсілді орнықтыруға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстардың орындалуы үшін экономика саласында теориялық және қолданбалы зерттеуді жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарды, университеттерді тарту керек.

Республикада күмән туғызатын активтер мен міндеттемелер үлесі 01.07.2013 жылы активтер мен міндеттемелердің жалпы көлемі ЕДБ-те 31%-ды, ал үміт артуға болмайтындары - 20%-ды құрады.

керісінше 70%, ал ЖІӨ-ге несие портфеліне қатысты, тиісінше - 37%-ға дейін, керісінше - 60%-ға дейін [5].

Өз кезегінде нақты жасалған азық-түліктің сомасы 01.07.2013 жылы 4498,4 млрд. теңгені құрады, ол салықтар бойынша ұстап қалуға жатады. Нәтижесінде ЕДБ-тен бюджетке түсетін салықтық түсім төмендейді.

Осылайша, мемлекет ЕДБ-ні салық-бюджет құралдары есебінен қолдайды, алайда, олар шаруашылық етуші субъектілердің тең құқықты серіктесі болған жоқ және олардың экономикадағы рөлі төмендеуде.

Біздің пікірімізше, бұл міндеттерді шешу үшін:

- ақша жүйесінің және оның барлық элементтерінің жұмыс істеу тиімділігін кешенді зерделеп бағалау;

- ақша-кредит, салық-бюджет құралдарының өзара іс-қимылын және олардың экономиканың нақты секторына әсерін, республикадағы шағын және орта бизнестің дамуын жүйелі зерттеу;

- әлеуметтік-экономикалық даму болжамында орта мерзімді кезеңге экономикаға мемлекеттік қаржы институттарының, шағын және орта

Дереккөздер:

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 14 желтоқсан 2012 жыл.

2. Тулепов О. Анализ воздействия количественного смягчения монетарной политики ФРС США на денежно-кредитных и валютные показатели экономики РК.

3. Мировая экономика достигла переломного момента, Деловой портал Kapital.kz.

4. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2012 жылы республикалық бюджеттің орындалуы жөніндегі есебі.

5. ҚР Ұлттық банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитеті. 2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы банктік секторының ағымдағы жағдайы.

6. Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының 2014-2018 жылдарға арналған болжамы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамызда отырысында мақұлданған.